

Б.Т.Жүзбаев

Орталық Қазақстан академиясы, Қарағанды
(E-mail: baukekaz@mail.ru)

Қылмыстық процесте қолданылатын арнайы білімдер мазмұнының түсінігі

Мақалада қылмыстық сот өндірісінде қолданылатын арнайы білімдер мазмұны түсінігіне қатысты мәселелер қарастырылған. Қылмыстылықпен күрестегі арнайы білімдердің алатын орны көрсетілген. Автор арнайы білімдер мазмұны түсінігі жайлы бірқатар ғалымдардың пікірлерін талқылап, осы мәселеге қатысты өз көзқарасын қалыптастыруға тырысқан. Арнайы білімдердің белгілері жан-жақты зерттеліп, олардың сипаттамасы берілген.

Кілт сөздер: қылмыстық процесс, криминалистика, арнайы білімдер, дәлелдемелер, қылмыстарды тергеу, құқықтық білімдер, кәсіби тәжірибе.

Қылмыстылықпен күрес тәжірибесі қылмыстарды ашу және тергеу бойынша құқық қорғау органдары қызметінің жоғарғы нәтижесінің қолданылатын құралдар мен әдістерге және арнайы білімдерге тікелей байланысты екенін көрсетіп беріп отыр. Іздерді және із түзуші мәліметтерді талдау арқылы қылмыс оқиғасын ретроспективті қайта қалпына келтіру мәселесін ғылым, техника және колөнердің әр түрлі салалары мамандарының білімдерін қолданбай іс жүзінде шешу мүмкін емес. Заманауи жағдайда қылмыстарды ашу және тергеу барысында арнайы білімдерді қолдану қажеттілігі барынша арта түсуде. Ол, бір жағынан, қылмыстарды жасаудың бұрын белгілі болмаған, жаңа жолдарының пайда болуымен, қылмыстық топтардың бірігуінің арта түсуімен, сонымен қатар қылмыстарды тергеуге қарсы әрекет белсенділігімен айқын байқалатын, қылмыстылықтың сапалы өзгеруімен түсіндірілсе, басқа жағынан, қылмыстарды ашу және тергеу процестерінің объективтілігіне қойылатын талаптардың күн санап арта түсуімен байланыстырылады. В.Н. Махов «арнайы білімдердің құндылығы заңда көзделген тәртіппен, қылмыстарды тергеудің барысында ғылым мен техниканың жетістіктерін шексіз қолдануға мүмкіндік ашатындығында» деп әділ түрде көрсетті [1; 33]. Сондықтан арнайы білім институтын қылмыстық процесс және криминалистиканың ажырамас және маңызды бөлімі ретінде қарастыруға негіз бар. Қылмыстық сот өндірісіндегі арнайы білімдерді анық түсіну процестік қызметте оларды тиімді қолдану үшін үлкен маңызы бар деген Л. Г. Шапираның ұстанымын қолдаймыз. Ол қолданылатын білім саласын дұрыс анықтауға, тергеу әрекетіне қатысатын тиісті маманды тартуға және басқа да сұрақтарды шешуге мүмкіндік береді [2]. Сонымен, қылмыстарды ашу және тергеуде арнайы білімдердің алатын орны ерекше, сондықтан бұл ұғымның анықтамасы тек теориялық қана емес, практикалық маңызға да ие.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінде (ҚР ҚПК) «арнаулы білім — адам кәсіптік оқудың не практикалық қызметтің барысында алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын, қылмыстық процесте жалпыға бірдей белгілі емес білім» (ҚР ҚПК 7-б. 5-т.) деп анықталса, «арнаулы ғылыми білім мазмұны — сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған ғылыми білім құрайтын арнаулы білім саласы» (ҚР ҚПК 7-б. 6-т.) деп көрсетілген. Арнаулы ғылыми білім түсінігінің дәл осы анықтамасы «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 1-тармағында да берілген. Аталған ұғымдардың мағынасын дұрыс түсіне білу сараптамалық міндеттерді табысты шешуде қалай қажет болса, арнайы білімдерді әр түрлі нысанда тиімді қолдана білу үшін де дәл солай керек. Қылмыстық сот өндірісінде мұндай білімдерді нәтижелі қолдану олардың мәнін толық анықтаумен тікелей байланысты. Осы мақсатта бірқатар ғалымдардың пікірлеріне назар сала отырып, өз көзқарасымызды қалыптастыруға тырыстық.

Арнайы білімдер түсінігі көптеген жылдар бойы процессуалист және криминалист-ғалымдармен зерттеліп келеді, оның мазмұнына қатысты бірыңғай көзқарас болмауына байланысты әлі де пікір талас туғызуда.

Алғашқылардың бірі болып «арнайы білім» түсінігінің анықтамасын берген А.А. Эйсман, оның «жалпыға мәлім емес, жалпының бірдей қолы жетпейтін ... шектеулі мамандар ауқымына ғана

тиесілі» екендігін айтып, арнайы білімдердің тергеушінің кәсіби білімдері мен оның тәжірибесінен бөлектігін көрсетеді [3]. Осындай мазмұнға ұқсас бұл түсініктің анықтамасын басқа ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Атап айтқанда, Ю. К. Орлов «жалпы білім дайындығы барысында және күнделікті тұрмыстағы қалыптасатын білімнен бөлек білімді арнайы білімдер» [4] деп атаса, В.И. Шиканов та «арнайы танымдар» терминінің «жалпыға белгілі, яғни азаматтардың жалпы білім беру дайындығына кіретіндерді қоспағандағы кез келген білімдердің (практикалық тәжірибе, дағдылардың) мүмкін болатын жиынтығын белгілеу үшін қолданатындығына» [5; 23] назар аударады. Бұл анықтамалардан арнайы білімдердің басты белгісі анықталғанмен, жалпыға мәлім емес және жалпыға белгілі білімдердің арақатынасына байланысты сұрақтар туындайды.

Осы сұраққа қатысты А.А. Эйсман «Көпшілікке қолжетімді және арнайы білімдердің шекарасы біршама анық емес, жылжымалы, оны бағалау көбіне субъективті сипатта болатындығы белгілі. Жалпыға мәлім және арнайы мәліметтердің ара шегінің тарихи жылжымалылығына кезінде И.Я. Фойницкий де көрсеткен болатын. Кейбір арнайы мәліметтердің, мысалы, белгілі физикалық, химиялық заңдылықтардың немесе қандай да бір аспаптардың әсері жария болып, көпшілікке мәлім болып отырса, сол екі арада жаңа техникалық құралдар пайда болып, арнайы танымдар ауқымын үздіксіз толықтырып отырады. Біздің елде байқалатын тұрғындар мәдениетінің, оның ішінде ғылыми және техникалық мәдениеттің жалпы жоғарылауы «жалпыға мәлім» шекарасының кеңеюіне мүмкіндік береді» деп жазған болатын [6]. Осы көзқарасты қолдай отырып, Е.Р. Россинская «жалпыға белгілі таным» түсінігін «жалпы білім беретін дайындық» термині секілді субъективті бағалау сипатында болады деп санайды. «Арнайы және жалпыға белгілі танымдардың арақатынасы табиғаты бойынша өзгермелі, қоғамның даму деңгейіне және ғылыми білімдердің адамның күнделікті өмірімен ұштасу дәрежесімен байланысты. ...Білімдерді жалпыға мәлім, үйреншікті, көпшілікке қолжетімді қатарына жатқызу елеулі түрде нақты субъектінің білім және интеллектуалды деңгейіне, оның өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты» [7]. Т.В. Сахнованың пікірінше, арнайы білімдер анықтамасы «бағалау сипатты, сондықтан табиғаты бойынша өзгермелі, қоғамдық қатынастардың даму деңгейі мен ғылыми білімдерді адамның күнделікті тәжірибесіне бейімдеуімен байланысты» [8; 9]. Осы айтылғандарға сәйкес, әрбір нақты жағдайда талап етілетін білімдердің сипатын талқылап, олардың арнайы білімдерге жататын-жатпайтындығын шешу қажет. «Тергеуде білімдерді көпшілікке қолжетімділер қатарына жатқызуда шешуші сөз — нақты іс бойынша тергеушіге, ал сот өндірісінің келесі сатыларында сотқа тиесілі» [6; 39].

Г.Г. Зуйков арнайы білімдерді «дәлелдемелерді табу, бекіту мен зерттеуді қамтамасыз ететін, ең алдымен, теорияға негізделген және практикамен нығайтылған криминалистикалық техниканың тәсілдері мен құралдарына қатысты, терең және әр түрлі білімдер» [9; 113] ретінде қарастырады. «Осы мағынада қолданылуы қылмыстарды толық, жан-жақты және әділ тергеуге қажетті соттық медицинадағы, соттық химиядағы, физикадағы, өрт сөндіру қызметіндегі танымдарды және сонымен қатар басқа да (педагогикалық, лингвистикалық, математикалық және т.б.) танымдарды арнайы білімдерге жатқызады» [9; 113]. Бұл анықтамада нақты білім салалары және қолданылу мақсаты көрсетілген. Дегенмен әр түрлі және терең білімдер нақтылауды қажет етеді.

Арнайы білімдер сөз тіркесі бірқатар тұжырымдамаларда тар және кең мағынада түсіндіріледі. Арнайы білімдер ретінде, кәсіби дайындық нәтижесінде алынған, иегеріне қандай да бір саладағы сұрақтарды шешуге мүмкіншілік жасайтын, мәліметтер жиынтығын түсіну керек, деп жазады З.М. Соколовский [10]. Осылайша автор анықтама пәнін тым шектеулі қабылдайды. Ал, Г.Е. Морозов болса, арнайы білімдер есебінде, химия немесе биология, математика немесе физика, жаратылыстану немесе энергетика, педагогика немесе лингвистиканың нақты саласын меңгерген тұлғаның білімін түсінеді [11]. Мұндай нұсқада арнайы білімдер түсінігінің кең мағынада берілуі және бірінші анықтамадағы секілді қылмыстық процесте қолданылу қажеттілігінің көрсетілмеуі, олардың кемшін тұстары ретінде Б.М. Бишмановтың [12] сынына ұшырағанын айта кету керек.

Қылмыстарды тергеуде қолданылатын арнайы білімдердің белгілерінің бірі, көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, бұл олардың қолдану саласы мен мақсаты. Мысалы, В.И. Шиканов өзінің беріп отырған анықтамасында сөз болып отырған білімдердің тек қылмыстық процесте қажет болатын білімдерге ғана қатысты екені туралы нақтылайды: «Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайларды жан-жақты, толық және әділ анықтауға қажетті болып табылатын білім мен практикалық тәжірибені қылмыстық сот өндірісінде арнайы танымдар деп атау қабылданған. Істің нақты мән-жайларына байланысты арнайы танымдар жаратылысты және техникалық

ғылымдардың әр алуан салаларына, өнер мен қолөнердің әр түрлі түрлеріне қатысты болуы мүмкін» [5; 23].

Т.В. Сахнова «арнайы білімдер іс жүргізулік категориясы ретінде олардың заңдық мақсатта белгілі бір процессуалдық нысанда қолданылуын талап етеді. Бұл нақтылау аса маңызды және сот төрелігі мазмұнының ерекшелігін сипаттайтын, оның мәнді элементі ретіндегі процессуалдық нысанның табиғатымен қамтамасыз етіледі» деп әділ түрде ерекше көңіл аударады [8; 9]. Ю.Г. Корухов та қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер алуда арнайы білімдерді қолданудың аса маңыздылығын атап өтеді: «Білікті мамандардың қатысуы, арнайы танымдарды қажет еткен жағдайларда, тиісті дәлелдемелерді алудың үлкен кепілдемесі болып табылады. Бұл жағдайда маман өзінің әрекетімен дәлелдемелер санын көбейтуге, олардың аясын кеңейтуге, тергеушінің арнайы сұрақтарды білмеуі салдарынан жіберіп алғандарын дәлелдемелер қатарына енгізуге қабілетті» [13; 18].

Кейбір ғалымдар қылмыстық процестегі арнайы білімдерді қолдану аясын орынсыз ұлғайтады. Мысалы, И.Н. Сорокотягин өзінің берген анықтамасында: «Қылмыстық-процессуалдық мағынасындағы арнайы білімдер — ол арнайы дайындық немесе кәсіби тәжірибе нәтижесінде алынған және қылмыстарды ашу және тергеу үшін қажетті дәлелдемелік, жедел-іздігі және басқа да мәліметтерді алу үшін қолданылатын ғылым, техника, өнер және қолөнердегі білімдер жиынтығы» деп жазады [14]. Дербес сипатты, өзінің мақсаты мен міндеттері бар жедел-іздігі қызметі барысында арнайы білімдер қолданылатын жағдайлар болуы мүмкін, ал кейбір кезде арнайы білімдерді қолданбай болмайтын жағдайлар да кездесуі мүмкін, бірақ бұл арнайы білімдер қылмыстық процестен тыс қалады. Мұндай көзқарас В.Н. Махов [1; 37], Т.В. Сахнова [8; 10] тараптарынан да айтылған болатын. Т.В. Сахнова «арнайы білімдерді процессуалдық ережелерден тыс іс жүзінде қолданудың ешқандай заңдық салдары болуы мүмкін емес, өйткені кез келген қоғамдық қатынас іс жүргізуде тек қана құқықтық нысанда болады» деп есептейді [8; 10]. Сонымен, арнайы білімдердің басты белгісі ретіндегі олардың қылмыстық сот өндірісі мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданатындығы көптеген ғалымдардың анықтамаларында көрініс тапқан.

Қарастырылып отырған түсініктің толық анықтамаларының бірін С.Ф. Бычкова береді: «Арнайы білімдер ретінде адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеудің нәтижесінде алған, қылмыстық сот өндірісі міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын, қылмыстық іс жүргізудегі жалпыға мәлім емес білім түсініледі» [15]. А.А. Исаевтың пікірі бойынша, «арнайы сарапшылық танымдар сараптама өндірісінің әдістемесінде жүзеге асырылатын, пәндік ғылымдардың белгілі бір кешенді теориялық білімдері мен практикалық дағдылар және практикалық тәжірибе жиынтығымен қамтамасыз етілетін кәсіби білім болып табылады» [16]. Басқа да ғалымдардың осы мазмұндас анықтамаларынан арнайы білімдердің тағы бір белгісін бөліп шығаруға болады — ол белгілі бір еңбек қызметіне дайындық үрдісі кезінде және практикалық жұмыс істеу барысында алынатын, білімдер мен дағдылар. Арнайы білімдердің заңдық түсінігін қарастыра отырып, Т.В. Сахнова мазмұнының жалпы белгісіне, арнайы оқыту барысында алынатын, ғылыми, кәсіби білімдерді жатқызады [8; 10]. А.В. Шмонин [17], Ю.К. Орловтарда [4; 6] арнайы білімдерді қолданудың кәсіби оқу және (немесе) дайындықтың белгілі бір дәрежесімен және сонымен қатар кәсіби тәжірибе, дағдылармен байланыстылығына ерекше көңіл аударады.

Осы мағынадағы толық мазмұнды анықтаманы Р.С. Белкин [18] және оның оқушысы саналатын Т.В. Аверьянованың [19] бергенін де айта кеткен жөн. Мысалы, Т.В. Аверьянова: «Нақты істерді тергеу мен сотта қарау кезінде туындайтын сұрақтарды шешу үшін қолданылатын, тиісті білім саласындағы ғылыми зерттемелерді білуге негізделген, оқу барысында және ғылым, техника, өнер, қолөнерде практикалық жұмыс істеу кезінде субъектінің алған білімі арнайы болып табылады» деп санайды [19]. Арнайы білімдер құрылымында әдістемені игеру сияқты элементті бөліп шығару, ең алдымен, сарапшының арнайы білімдеріне қатысты болу керек, себебі мұны қылмыстық-процессуалдық заң ережелері талап етеді (ҚР ҚПК 79-б. 1-т). Арнайы танымдардың осы белгісін Е.В. Селина кеңірек қарастырады. Ол арнайы танымдар құрылымына «білім, ойлау мүмкіншілігі, ғылыми көрегендік, айқын емес мәселелерді қою біліктілігі, туа біткен қабілеттілік, қоршаған ортаны тиісті қабылдауға бейімділік, біліктілік, дағдыларды» енгізуді ұсынады [20]. Сонымен, кәсіби білімдер, біліктілік, дағдылар, тәжірибе, көптеген ғалымдардың пікіріне сай, арнайы білімдердің белгілері болып табылады.

Арнайы білімдер үнемі жаңарып, тереңдетіліп, жетілдіріліп отыруы қажет, өйткені ғылым және техника әрқашан серпінді даму үстінде, бұл өз кезегінде арнайы білімдер ауқымын кеңейтіп, олардың

да тиісті дамуын талап етеді. Бұл кәсіби білімдердің арнайы болып қалуы үшін аталған салалардың заманауи күйіне сәйкесті болуын білдіреді.

Арнайы білімдердің мазмұнына тек кәсіби қызметтің белгілі салалары бойынша тұрақты мәліметтер ғана кірмейді, сонымен бірге бұл білімдерді иеленушілердің тиісті объектілер мен құбылыстарды зерттеп тануда дұрыс пайдаланып, қолдану қабілеттілігі де кіреді. Мұндай қабілеттілік қолда бар арнайы білімдерді кәсіби қолданудың тиісті біліктілігі мен дағдыларының болуымен көрінеді. Сондықтан кәсіби тәжірибеге алып келетін, аталған біліктілік пен дағдылар арнайы білімдерді тиісінше қолдануға мүмкіндік береді. Тәжірибе — бұл арнайы теориялық білімдерді ұзақ уақыт практикада қолдану арқылы қалыптасқан, анық фактілік мәліметтерді тексерудің қайнар көзі ретінде қолдануға болатын нақты нәтижеге қол жеткізетін қабілеттілік.

Заң әдебиеттерінде арнайы білімдердің мазмұнына адамдардың тәжірибесін кірістіру мүмкіншілігіне қатысты басқа пікірлерді кездестіруге болады. Мысалы, «арнайы білімдердің бірыңғай құрылымы туралы айтуға келмейді, өйткені олардың мазмұнына, мысалы, математика және кейбір басқа ғылымдардың салаларындағы сияқты теориялық білімдер ғана кіреді. Тұлғаның арнайы білімдерге қатысты практикалық тәжірибесі туралы тек оның қылмыстық сот өндірісінде маман ретінде қатысуына байланысты ғана айтуға болады. Сондықтан бірқатар білім салалары үшін практикалық тәжірибе факультативтік белгі болып табылады. Барлық арнайы білімдер шартты түрде екі топқа бөлінеді: а) таза теориялық; б) теориялық және практикалық элементтері бар білім, яғни кәсіби білім алу, сонымен қатар теориялық білімдерді пайдаланумен байланысты практикалық жұмыс істеу нәтижесінде алынған тәжірибе, дағдыларды, біліктілікті қамтитын білім» деп көрсетілген [21].

Арнайы білімдерді таза теориялық және ғылыми-практикалық деп бөлуді орынсыз санаймыз, себебі қылмыстық іс жүргізу бұл теориялық білімдерін міндетті түрде белгілі бір практикалық мақсатта қолданатын субъектілердің практикалық қызметі болып табылады. Жалаң теорияландыру мұнда өзінің қолданылу аясын табуға қабілетті емес. Тіпті математика, физика, химия секілді нақты ғылымдардың білімдері алдын ала тергеу мен соттық қарауда тек дәлелдеуде пайдаланылуы және белгілі бір нәтиже алу мақсатында ғана қолданылуы мүмкін.

Белгілі бір таным қызметіндегі кәсіби теориялық білімдер мен кәсіби тәжірибенің ажырамас қоспасынан тұратын арнайы білімдердің қылмыстық сот өндірісіндегі маңызы өте зор. Осы жерде Е.П. Гришинаның пайымдауын келтіре кеткенді жөн деп ойлаймыз: «Хабардар деп аталатын тұлғаларды қылмыстық іс бойынша өндіріс процесіне тартудың айрықша маңыздылығы кем дегенде үш жағдаймен анықталады. Біріншіден, сарапшылардың, мамандардың және басқа да хабардар тұлғалардың ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін өз уақытында игеріп алуымен. Екіншіден, анық дәлелдемелерді алу үшін және, ақыр аяғында, қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауда өздігінен шексіз мүмкіншілік беретін осы білімдерді мақсатты бағытта және жоғары кәсіптік қолдану қабілеттілігімен. Үшіншіден, осы білім иелерінің мәліметтік жағынан қалай болса, процессуалдық жағынан солай ауыстырылмайтындығымен» [22].

Теориялық және практикалық компоненттермен қамтылған, арнайы оқыту барысында алынатын арнайы білімдер үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отыруы қажет, өйткені олай болмаған жағдайда ғылыми-техникалық дамудың заманауи деңгейіне сай болмай қалады. Сондықтан бұл білімдер күнделікті және қолжетімділер қатарына жатқызылмайды, себебі оларды алу үшін арнайы дайындық және қайта даярлау қажет. Шын мәнінде, арнайы білімдер тиісті субъектілердің ғылым, техника, өнер және колөнердің заманауи жетістіктерін үздіксіз меңгеру нәтижесінде алынатын өнім болып табылады.

Қылмыстық сот өндірісінде қолданылатын арнайы білімдердің мазмұнына тек кәсіби білім беру барысында алынатын белгілі бір оқиғалар, құбылыстар, материалдық және басқа да объектілер туралы мәліметтер жиынтығы ғана емес, сонымен бірге оларды қолданудың тиісті ғылыми әдістемесі де кіреді. Мұндай әдістемелік білімсіз ешқандай кәсіби тәжірибе қылмыстық іс бойынша сенімді (мысалы, сарапшы қорытындысы секілді) дәлелдемелер құрастыруда көмек бере алмайды.

Қылмыстық сот өндірісіндегі арнайы білімдердің тағы бір белгілерінің бірі, алдын ала тергеу органдары мен соттың құзыреттілігіне жататын, құқықтық білімдерден оларды шектеумен байланысты. Бүгінгі күнге дейін бұған қатысты заңгерлер арасында ортақ пікір қалыптаспаған. Ғалымдардың бір тобы қылмыстық процесте қолданылатын, заң (құқықтық) білімдерді арнайы білімдердің бір түрі ретінде санап, құқықтық (заңдық) сараптама тағайындау қажеттілігін негіздейді. Олар қылмыстық іс жүргізу заңында құқықтық сараптама өндірісіне тыйым салынбағандығына

сілтеме жасап, немесе заңдылықтардың күрделенуінен оған деген қажеттіліктің туындауын желеу етіп, құқықтық сараптама өндірісіне рұқсат береді. Мысалы, Е.Р. Россинская өзі зерттеген күрделі қылмыстық және азаматтық істер бойынша, жоғары білікті заңгерлердің жай пайымдаулары, пікірлері ғана емес, сонымен бірге хабардар тұлғалардың арнайы заң білімдерінің негізіндегі нормативтік актілердің зерттеу, талдау нәтижелері мазмұндалған, мамандардың қорытындысын құжат-дәлелдемелер ретінде іс материалдарына қоса тігіп отырғандығын айтады. Бұл оның құқықтық (немесе заңдық) сараптамаларды, олардың міндеттерін, объектілерін, әдістерін және зерттеу әдістемелерін заңдастыру қажеттілігі туралы қорытындыға келуіне түрткі болған [23].

Ал ғалымдардың басқа бір тобы құқықтық білімдердің арнайы білімдерге жатпайтындығын айтып, құқықтық сараптама тағайындау және өндірісі туралы идеяны қабыл алмайды. Солардың бірі Ю.Г. Корухов «заң, соның ішінде құқықтық таным, сөзсіз, ол да арнайы, бірақ бұл арнайы танымдарды барлық тергеушілер, прокурорлар, соттар, алдын ала тергеу мен соттық талқылауды жүзеге асыратындардың барлығы да міндетті түрде игеруі қажет. Құқық саласындағы сараптама, қылмыстық процесте емес, тек практикада РФ Конституциялық сотында ғана болуы мүмкін. Құқық нормаларын өз бетінше дұрыс түсіндіру және қолдану тергеушілердің, прокурорлардың, соттардың қызметінің маңызды бөлігін құрайды» деп санайды [13; 29].

Дегенмен, құқықтану, кез келген ғылымдар секілді, білімдердің интеграциялану және дифференциялану үрдістеріне ұшырағыш келеді. Ол құқықтың әрқайсысы үнемі жетілдіріліп, дамып отыратын, әр түрлі салаларын біріктіреді. Тергеуші немесе сотқа, мысалы, түрлі нормалардың әр түрлі уақыт аралығындағы әрекетімен байланысты сұрақтарға жауап беруі кейде қиындыққа соғады, мұндай жағдайда олар құқықтың тар саласы бойынша мамандарға жүгінуіне тура келеді. Осыған сәйкес, тергеушілер мен соттардың кәсіби білімдерін есептемегендегі, құқықтық білімдерді «арнайы білімдер» қатарына жатқызуды ұсынған В.Н. Маховтың пікірімен келісеміз: «...Тергеушінің (судьяның) кәсіби білімдері — құқықтық білімдер. Бірақ барлығы емес, тек қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, криминалистика білімдері ғана. Жоғары оқу орнында шаруашылық, еңбек, халықаралық құқық және кейбір басқа да салалық құқықтық ғылымдарды оқып білгендіктен, тергеушілер тиісті құқық саласындағы қиын емес заңдық сұрақтарға өздері-ақ жауап бере алады. Бірақ заңгерлер арасында да мамандандыру бар. Сондықтан тергеуші тарапынан, оның кәсіби қызметі шегінен шығатын, құқықтық қызметтің қандай да бір тар саласы бойынша маманданған заңгерлердің терең танымдарын ескермеу дұрыс болып табылмайды» [1; 46]. Осындай ғалымдардың ойлары практикадағы қызметкерлер тарапынан қолдау тауып, «құқықтық сараптама» да заманауи қылмыстық процестен орын табуы мүмкін.

Сонымен, көтеріп отырған мәселе арнасындағы ғалымдардың пікірлерін талқылай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: 1) арнайы білімдердің мәніне қатысты сұраққа бүгінге дейін бірыңғай көзқарас қалыптаспаған; 2) «жалпыға мәлім» түсінігін арнайы білімдер анықтамасына кіргізбеген дұрыс, себебі ол заңдылықтармен байланысты емес, субъективті (бағаламалы) сипатқа ие; 3) арнайы білімдер ғылым, техника, өнер және қолөнердің әр түрлі салаларына қатысты; 4) арнайы білімдер қылмыстық сот өндірісінің мақсаттарына жету үшін қолданылады; 5) арнайы білімдердің қолданылуы білім және (немесе) дайындықпен, сонымен бірге кәсіби тәжірибемен анықталатын, кәсіби құзыреттіліктің деңгейімен байланысты; 6) қылмыстық істердің фактілік мән-жайларын қылмыстық-құқықтық бағалаумен байланысты білімдерді қоспағандағы құқықтық білімдер арнайы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Махов В.Н. Использование знаний сведущих лиц при расследовании преступлений: Монография. — М.: Изд-во РУДН, 2000. — 296 с.
2. Шаниро Л.Г. Специальные знания в уголовном судопроизводстве и их использование при расследовании преступлений в сфере экономической деятельности: Дис. ... д-ра юрид. наук. — Саратов, 2008. — С. 29.
3. Эйсман А.А. Заключение эксперта (Структура и научное обоснование). — М.: Юрид. лит., 1967. — С. 91.
4. Орлов Ю.К. Заключение эксперта и его оценка (по уголовным делам). — М.: Юрист, 1995. — 64 с.
5. Шиканов В.И. Актуальные вопросы уголовного судопроизводства и криминалистики в условиях современного научно-технического прогресса: Монография. — Иркутск, 1978. — 190 с.
6. Эйсман А.А. Критерии и формы использования специальных познаний при криминалистическом исследовании в целях получения судебных доказательств // Вопросы криминалистики. — 1962. — Вып. 6, 7. — С. 33–45.

- 7 *Россинская Е.Р.* Специальные познания и современные проблемы их использования в судопроизводстве // Журн. российского права. — 2001. — № 4. — С. 35, 36.
- 8 *Сахнова Т.В.* Судебная экспертиза. — М.: Городец, 1999. — 368 с.
- 9 *Зуйков Г.Г.* Общие вопросы использования специальных познаний в процессе предварительного расследования // Криминалистическая экспертиза. — 1966. — № 1. — С. 113–125.
- 10 *Соколовский З.М.* Понятие специальных знаний // Криминалистика и судебная экспертиза. — 1969. — № 6. — С. 100–103.
- 11 *Морозов Г.Е.* Участие специалистов в стадии предварительного расследования: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Саратов, 1977. — С. 10.
- 12 *Бишманов Б.М.* Эксперт и специалист в уголовном судопроизводстве. — М.: Москов. псих.-соц. ин-т, 2003. — С. 20.
- 13 *Корухов Ю.Г.* Правовые основы применения научно-технических средств при расследовании преступлений. — М., 1974. — 29 с.
- 14 *Сорокотягин И.Н.* Специальные познания в расследовании преступлений: Монография. — Ростов-н/Д.: Изд-во Ростов. гос. ун-та, 1984. — С. 5.
- 15 *Бычкова С.Ф.* Теория и практика судебной экспертизы: Учеб. пособие. — Т. 1. Организация, назначение и производство судебной экспертизы. — Алматы: Жеті жарғы, 1999. — С. 37.
- 16 *Исаев А.А.* Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификации преступлений. — Алматы: Жеті жарғы, 1999. — С. 61.
- 17 *Шмонин А.В.* Понятие и содержание специальных познаний в уголовном процессе // Российский судья. — 2002. — № 11. — С. 11–13.
- 18 *Белкин Р.С.* Криминалистическая энциклопедия. — М.: Мегатрон XXI, 2000. — С. 217.
- 19 *Аверьянова Т.В.* Субъекты экспертной деятельности // Вестн. криминалистики / Отв. ред. А.Г. Филиппов. — Вып. 2. — М.: Спарк, 2001. — С. 29–37.
- 20 *Селина Е.В.* Применение специальных познаний в российском уголовном процессе: Дис. ... д-ра юрид. наук. — Краснодар: Кубанский гос. ун-т, 2003. — С. 29.
- 21 *Степанов В.В., Шапиро Л.Г.* Концептуальные проблемы понятия специальных знаний в уголовном судопроизводстве // Вестн. криминалистика. — 2004. — Вып. 4 (12). — С. 4–15.
- 22 *Гришина Е.П.* Перспективы использования специальных знаний психолога в уголовном судопроизводстве // Российский следователь. — 2005. — № 7. — С. 13, 14.
- 23 *Россинская Е.Р.* Судебная экспертиза в гражданском, арбитражном, административном и уголовном процессе. — М.: Норма, 2005. — С. 13, 14.

Б.Т.Жузбаев

Содержание понятий специальных знаний, используемых в уголовном процессе

В статье рассмотрены проблемы содержания понятий специальных знаний, используемых в уголовном судопроизводстве. Отмечено значение специальных знаний в борьбе с преступностью. Автор, проанализировав мнения ряда ученых относительно содержания понятий специальных знаний, пытается сформулировать по этому поводу свою точку зрения. Всесторонне исследованы признаки специальных знаний, дана их характеристика.

B.T.Zhuzbaev

The concept of content expertise used in criminal proceedings

The article deals with the problem of the notion of expertise used in criminal proceedings. The value of expertise in the fight against crime is specified. The author analyzed opinions of other authors regarding the content of the concepts of expertise and tried to make an attempt to formulate his point of view. Features of expertise are comprehensively researched and their characteristics are given.

References

- 1 *Makhov V.N.* *Using the knowledge of experienced persons in the investigation of crimes*: Monograph, Moscow: Publ. PFUR, 2000, 296 p.
- 2 *Shapiro L.G.* *Special knowledge in criminal proceedings, and their use in the investigation of crimes in the sphere of economic activity*: Dis. ... dr. jurid. sciences, Saratov, 2008, p. 29.

- 3 Eysman A.A. *The expert's conclusion (Structure and scientific justification)*, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1967, p. 91.
- 4 Orlov Yu.K. *Expert opinion and evaluation (in criminal cases)*, Moscow: Yurist, 1995, p. 64.
- 5 Shikanov V.I. *Topical issues of criminal justice and criminology in the modern scientific and technological progress: Monograph*, Irkutsk, 1978, 190 p.
- 6 Eysman A.A. *Questions of criminology*, 1962, edit. 6–7, p. 33–45.
- 7 Rossinskaya E.R. *Journal of Russian law*, 2001, 4, p. 35, 36.
- 8 Sakhnova T.V. *Forensics*, Moscow: Gorodets, 1999, 368 p.
- 9 Zuikov G.G. *Forensic analysis*, 1966, 1, p. 113–125.
- 10 Sokolovskii Z.M. *Forensic Science and Criminalistics*, 1969, 6, p. 100–103.
- 11 Morozov G.E. *The participation of specialists at the stage of preliminary investigation*. Author. dis. ... cand. jurid. sciences, Saratov, 1977, p. 10.
- 12 Bishmanov B.M. *Experts and specialists in criminal proceedings*, Moscow: Mosc. psycho-social institution, 2003, p. 20.
- 13 Korukhov Yu.G. *Legal basis for the application of scientific and technological tools in the investigation of crimes*, Moscow, 1974, 29 p.
- 14 Sorokotyagin I.N. *Special knowledge in the investigation of crimes: Monograph*, Rostov-n/D.: Publ. house of Rostov State. Zap, 1984, p. 5.
- 15 Bychkova S.F. *Theory and practice of judicial expertise: studies*. Allowance, Almaty: Zheti zhargy, 1999, 1: The organization, function and production of forensic, 1999, p. 37.
- 16 Isaev A.A. *Theoretical and legal problems of application of special knowledge for the qualification of crimes*, Almaty: Zheti zhargy, 1999, p. 61.
- 17 Shmonin A.V. *Russian judge*, 2002, 11, p. 11–13.
- 18 Belkin R.S. *Forensic encyclopedia*, Moscow: Megatron XXI, 2000, p. 217.
- 19 Averyanova T.V. *Herald of criminology*, Resp. edit. A.G. Filippov, 2, Moscow: Spark, 2001, p. 29–37.
- 20 Selina E.V. *The application of special knowledge of the Russian criminal trial: Dis. ... doctor of legal sciences*, Krasnodar: Kuban State Univ., 2003, p. 29.
- 21 Stepanov V.V., Shapiro L.G. *Journal of Criminology*, 4 (12), 2004, p. 4–15.
- 22 Grishina E.P. *Russian investigator*, 2005, 7, p. 13, 14.
- 23 Rossinskaya E.R. *Forensics in civil, arbitration, administrative and criminal proceedings*, Moscow: Norma, 2005, p. 13, 14.